

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ  
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

**Список использованных источников**

1. Послание Президента РК Нурсултана Абишевича Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 12 апреля 2017 года
2. У.М. Рыщанова «Использование наследия Ибрая Алтынсарина в деятельности современного музея», 2014
3. У.М. Рыщанова «Современные аспекты краеведческой деятельности библиотек», 2014

ӘОЖ 8.81

**ӘЛЕМДЕ БАБАҢ ІЗІ БАР**

*Сакенова С.С., 3 курс, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, педагогикалық институт, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Мырзағалиева К.М., ф.ғ.к., профессор, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Тіл – елші. Халық пен халықты жақындастырып, табыстырады. Бір таң қаларлық жайт – туысқан тілдес түрік тектес халықтардың, өзге орыс, украин, ағылшын, үнді, неміс т.б. халықтар тілінде бір-бірімен үндес, тамырлас, мағыналас сөздердің кездесіп қалатыны. Бұл – Ана тіліміздің арнасының кендігі, ұлылығы, қолданыс аясының шексіздігі. Мақалада соның қыр-сырын ашуға ұмтылыс жасалады.*

Қара тас – карандаш, тостаған – стакан, қураған – қураға, қон, ки – коньки, ат арба – арбат, т.б. толып жатқан сөздер сәл өзгеріске түсіп, орыс тіліне енгенін әңгіме етпегеннің өзінде орыс тіліндегі «толковать» (түсіндіру) қазақ тіліндегі «талқылаумен» үндес, мағынасы да жақын. Ана тіліміздегі «абыз» еврей тілінде «авва», латынша «абас» – «әке» деген ұғымды білдіреді. Татарлар дін қайраткерлерін «абыз» дейді.

Қазақ тіліндегі «аршын» татар тілінде «аршин», орыс тілінде «аршин» (три аршина). «Батыр» орыс тілінде «богатырь», парсы тілінде «баһадур». «Аймақ» қалмақша да аймақ. «Кемпірқосақ» араб тілінде «Кус-кузах». «Ер адам» алман тілінде «герман», «қалт тұру» – «хальт», «өндірі» – «унтер». Қоңырат пен «кондрат» та ұқсас.

Африкадағы «Ніл» (дария), ашық, көгілдір түс деген сөз емес пе?! Яғни, дария ашық көгілдір түсті. «Сондай-ақ осы Ніл дарияның орта ағысында орналасқан әлемдегі ең көне қалаларының бірі деп танылған «Йер-кон» қаласының атауы да «йер» (жер) және «қон» (жайғас, орнық, түне, тұрақта) деген түріктің екі сөзінен құралып, «түнейтін жер», «қоныстанатын жер», «орныққан жер» деген мағынаны білдіреді де жоғарыда айтылғанның бекер емесігін айғақтап тұрғандай (Ортағасырлық түріктердің ата тегі шыққан жер деп есептелінетін «Ергене – қонмен» салыстырып көріңіз – Қ.С.)»[1,143 б.]

Жапонтанушы ғалым Ш.Жылқыбаева «Шалкиіз» жыраудың:

Көп құлыңның бірімін, –  
Жақсыңнан мені кем көрдің,  
Жаманыңмен тең көрдің.  
Жақсыңнан мені кем көрсең,  
Жаманыңмен тең көрсең,  
Үялы берікке қос артып,  
Сен есенде, мен сауда

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ  
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

Брысымды сандайын,  
Сегіз қиыр шартараптан іздермін.

Бұқар жыраудың:  
Сегізінші тілек тілеңіз

Сегіз қиыр шартараптан  
Жер тұлданып тұрмасқа, –

деген жыр үзінділерін келтіріп:

«Сегіз қиыр шартарап  
Төрт құбыланды түгел қып,  
Төрінде жатып салмақтан, –

деген жолдары жапон аңыз-жырларында ғана бейнеленген, – дейді. Ежелгі Күншығыс әдебиетіндегі батырдың хаппоу – сегіз қиыр шартарапты кезуі, сегіз қиыр шартараптан асыл затты іздеуі, сегіз қиыр шартарапқа шиогунның самурайларын жіберуі тәрізді мысалдар көне дәуір жырауының жер жүзіне жайылған мұрасының орасан екенін дәлелдейді [2].

Бұған Абайдың «Сегіз аяғын», сондай-ақ «Сегіз сері», «Сегіз қырлы», «Сегіз көз» (құйымшақ омыртқаларының бір-бірімен байланысы нәтижесінде түзілген сүйек) қосыңыз. «Сегіз қиыр шартарап» – Еуроазиялық көне ұғымдардың бірі екені дәлелдене түседі.

Автор Ежелгі дәуірден есімі томо (дос) таңбасымен бейнеленген Доспамбет, Тамэтомо, Йоритомо, Санэтомо, Цунэтомо, Томомори, Томокира сияқты батыр жыраулардың

Күмбір – күмбір кісінетіп  
Күреңді мінер күн қайда, –

деп толғағандарын, сол заманның даңқы шартарапқа жайылған Шалкиіздей жырауының:

Күпшек санды тіл жалмаған күреңді  
Тілеген жаннан аяман.

Он жеті жасында құрсанып, беліне қылыш байлаған Ақтамберді батырдың:

Күлдір, күлдір кісінетіп

Күреңді мінер ме екенбіз, – деп толғаған тармақтарын мысалға келтіріп, сол тұста Хэйан сарайларындағы алтын белбеу шымылдыққа күрең түсті күренай бояуымен күзгі Киото көрінісі бейнеленгенін айтады.

Жапонның «Манъиошю» антологиясындағы тарихи айшықтардың бірі жаугершілік кезеңде «Курэнаоэнонамида» (күрең түсті көз жасын төккен ару жыры болса, күрең бояу күрэноэ өсімдігінен алынады екен.

Курэнай кигодағы жаздың түсі болып, мақұракотоба (өлең өлшемі – С.О.) ретінде жырдың басына беріліпті.

Қазақтың «Күрең» сөзі жапонның «Курэнаоэнонамида» сөзімен дәлме-дәл келіп тұрған жоқ па?

Осы сияқты автор қазақ жыршы-жырауларының, ақындарының батырды жолбарысқа, арыстанға теңеп, жолбарысқа мінгізуі де жапондардың «Кокинвакашю» жыр жинағында кездесетінін екі ел ақын-жырауларының жырларын мысалға келтіре отырып баян етеді [2].

«Қазақтың жеті кереметі» кітабында Ортағасырлық, әсіресе Түрік қағанаты кезіндегі (VI–VIII ғғ.) көшпенділердің музыка мәдениеті туралы құнды құжаттар Нара (Жапония) қаласында Сесоид императорының мұрасында сақталғаны айтылады. Тарихи экспонаттардың ішінде ерекше назар аударатыны – Дунухуада табылған түріктің ноталық хаты (партитура, табулатура). Бұл Бұдданың жиырма бесінші сутрасының нотасы, оның әуені қазақтың халық әні «Гаккуге» сәйкес келеді екен. Ол кезде жапондықтар Шығыс Түркістанның музыкалық аспаптар оркестрін гагаку деп, осы аспаптарға ойнау әдісін билли деп атапты. Бұл сөздер қазақтың гакку-әуен, музыка, би сөздеріне ұқсас [3,53 б.].

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ  
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

Га – ресми, гаку – музыка, га – ырғақ.

Әл-Фараби «Адам мақсатына өзін өзі жетілдіру арқылы жетеді» десе, Жипон Ямото Цунэтомо деген самурай данышпаны «Адам күн сайын өзін жетілдіріп, мінсіздікке ұмтылуы керек» дейді. Жапондықтар мен қазақтардың тілінде де, әдет-ғұрыптарында да ұқсастық көп.

Негізінен Тәжікстан республикасының орталығы мен оңтүстігінде, яғни Саманян (бұрынғы Ленин), Кофарнихон (бұрынғы Орджоникидзебад), Хисса аудандарында, Хатлон облысындағы Қорғантөбе және Колап аймақтарында, Тәжікстанмен көрші Ауғанстандағы Бағлан, Құндыз, Тахор провинцияларында, Пәкістандағы Карачи қаласында, Сауд Аравиясындағы Мекке, Мәдине мен Жидда қалаларында, Түркиядағы Жайланпанар, Антакья, Ыстанбұл, Шонли Урфа және Зәйтун Мұрны аймақтарында, Ирандағы Тегеран қаласы мен Шираз, Захидон, Керманшах, Ғазвин, Хурмузхон провинцияларында тұратын лакайлардың тілі қазақ тіліне өте ұқсас екенін жұрттың бәрі біле бермейді.

Саяси ғылымдар докторы, Ташкенттегі Камалиддин Бехзат атындағы сурет және дизайн институтының профессоры, лакай ғалымы Нәсіреддин Назаров лакайлардың түркі ұлыстарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған сақтар, арғындар мен қыпшақтардың ұрпағы екенін, X–XV ғасырларда бұл үш ру ірі этностың топ болып, түркі халықтарының этногенезінде ерекше рөл атқарғанын айтады [4, 56 б.].

Ноғайлар сияқты Лакай халқының да музыкалық аспабы домбыра. Олар да жоқтау айтып, тойларда бата береді: Лакай ауыз әдебиеті қазақтарға аудармай-ақ кім-кімге де түсінікті.

Мақал-мәтелдер

Жук авурын нар көтерер,  
Елдің авурын ер көтеерер.

Журт жутаса – жохчилик,  
Журт байиса – тохчилик.

Жети жылда – журт жаңа,  
Еллик жылда – ел жаңа.

Жаманди яхши деме мали бар деп,  
Ешекте тарлан деме жали бар деп.

Халық өлеңдерінен  
Ешик алдида алма,  
Алмаға назар сама.  
Атам сана бермейди  
Жигіт жолыңнан қама.

Тақия тиктим торлама,  
Ғали яш деп хорлама.  
Бойим ғали воседи,  
Көкейинди кеседи.

Домбырамды алдыңиз,  
Турли куйге салдыңиз.  
Аламан деп ала алмай,  
Вобалыма қалдыңиз.

Ярабезен (жарапазан)  
Ярабезен айтып келдик ешигине,  
Қочқардай ул берсин Худай бешигине.  
Ассалиму алейкум, бизлер келдик,

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ  
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

Изет – икрам минан салем бердик.  
Шул уйдиң чаңғырағы чак-чак қана,  
Шул уйде бир апам бар аппақ қана.  
Ярабезен, Ярабезен, Ярабезен!

Тәжік тілі – парсы тілі. Сонда да олар қасықты қасық, сұйық дегенді сұйық дейді.

Қазақстан- Британ техникалық университетінің ректоры, Қазақстанның және Ресейдің халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметов америкалық «үндістердің» түп-тамыры Азиядан шыққанын зерттеп «Азия, Берингия, Америка немесе американдық «үндістердің» азиялық тегі» деген кітап жазды.

Ғалым «Ана тілі» газетіне берген «Амарикалық «үндіс» – түркіге туыс» деп аталатын сұхбатында үндістердің Азиядан келгенін ғалымдардың бәрі мойындайтынын, сөздерінің түркі тілдеріндегі баламаларымен түбірлес және мағыналас екенін айтады.

- Папагалар (папаго-бұршақ жейтін адамдар деген ұғымды білдіреді) мақта деген ұғымды да, мақтадан тоқылған бұйымдарда да tukh (тоқы) деген сөз арқылы білдіреді, – дейді ғалым.

- Сонымен қатар, Аризонадағы құрамында took (тау) сөзі бар онға тарта, жер атаулары кездеседі. Мәселен, Shuk Toak (Қаратау), ki-ho Toak (бурыл тау).

Мұндай ұқсастықтар юто-ацтек тілдерінде ғана емес, эскимос тілдерінде де кездесіп қалады.

Әділ Ахметов Д.Х. Вебстер, В. Забелл, С.А. Якобсон құрастырған эскимос тілінің сөздіктерінде айтылуы да, мағынасы да түркі тілінің көпшілігіне, соның ішінде қазақ тіліне де ортақ сөздер бар екеніне танданыс білдіре отырып, оған мысалдар келтіреді: «Ата – ата, аана – ана, кауак – қайық, ерте, етик – ему» екен. Осылардың ішіндегі ата, ана, қайық деген сөздер эскимос тілімен туыстас алеут тілінде де кездесетін көрінеді.

Америкалық «үндістердің» майя тайпасының ғана жан-жақты дамыған жазуы болыпты. Олардың тілі бұдан мың жылдан астам уақыт шамасындағы майялар тілі болса, бұл күнде Мексика, Гватемала және Белиз мемлекеттерін мекен ететін «үндістердің» ана тілі, бұл тілде қазір бірнеше миллиондаған «үндіс» сөйлейді екен!

Ғалым майялардың ең көп шоғырланған жері – Мексиканың оңтүстік шығысындағы Юкатан жарты аралы екенін баян етіп: «Осы Юкатанда «Бақалар» көлі бар екенін, ол сөздің түбірі «бақа» да «лар» көптік жалғауы, оның этимологиялық түсіндірмесін 1562 жылы Юкатанға сапар шеккен Диэго де Ланда есімді миссионер жазғанын, сол Диэго қолжазбасының орысша нұсқасына сүйеніп, татар ғалымы М. Арибжанов майя тілі мен түркі тілдерінің арасында генетикалық жақындық болуы мүмкін», – деген болжам жасағанына тоқталады. Сөйтіп, Юкатан майяларының кейбір сөздерін қазақ тілімен дәлме-дәл келетініне мысалдар келтіреді.

Майя тіліндегі «тас ице» – қазақ тілінде «тас іші», тулум – тұлым, ялкау – жалқау, яшин – жасын, яш чилан – жас жылан, цибинче – шыбыншы, туле – толы, калак мул – қалақ мол, қоба – қоба, ак – ақ, чама – шама, кок уин –көк ойын, дауле – долы, исибор – иісі бар, аймар –аймар, усимасинта – өсім астында, бақалар –бақалар, ир ұя – жер ұя, тунга – тұңға екен.

Осылайша ғалым майя сөздерінің түркі сөздеріне айтылуы мен жазылуы жағынан өте ұқсастығын көрсете отырып, бұл ұқсастық олардың «Азиялық тегінің дәлелі» деген қорытынды жасайды.

Мұның бәрі – ана тіліміздің аясының кендігін, бүкіл дүние жүзіне таралғандығын, мәңгі өлмейтін тіл екендігін аңғартады.

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ  
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қ.Салғараұлы «Өткеннен қалған бір белгі», 2019
2. Ш.Жылқыбаева «Күншығыстағы жыраулар поэтикасы», 2019
3. «Домбыра. Қазақтың жеті кереметі», 2006
4. Н.Назаров «Лакайлар. Этнография, лингвистика, фольклор», 2010
5. Н.Саматұлы «Американдық «үндіс» түркіге туыс», 2003

ӘОЖ 37.378

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ**

*Сәлім Ж.Е., 3 курс, 5В030100 – құқықтану, экономика және құқық институты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Елемисова А.Н., аға оқытушы, з.ғ.м., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Қазақстандық жастардың өкілдері достықты бағалайды, жеке басын және қадір-қасиетін құрметтейді, олардың отбасылық құндылықтары, толеранттылық пен прагматизм жоғары бағаланады. Жастар қоғамдастығын, Қазақстандағы жас буын мамандарының құндылықтары мен мұраттарын анықтау өте маңызды жағдай болып табылады.*

Қазіргі уақытта жаңа жас ұрпақты және оның құндылық бағдарларын зерттейтін көптеген ғылыми зерттеулер бар. Бұл зерттеулер пәнаралық сипатқа ие және мәдениеттану, психология, маркетинг және басқа ғылымдар тоғысында жүзеге асырылады. Біріншіден, біздің ойымызша, қазіргі ұрпақтың ерекшелігін және оның құндылық мұраттарын зерттеу философиялық білім саласында болуы керек, өйткені ұрпақ – бұл бірдей әлеуметтік-мәдени, тарихи өмір сүру жағдайларын ғана емес, ең алдымен жалпы дүниетанымды біріктіретін адамдар тобы.

Біз жастар біздің болашағымыз деп жиі айтамыз, бірақ бір сәтте бұл біздің бүгінгіміз екені белгілі болды. Адам өзінің жастық шағында қойған сұрақтар, осы уақытта қабылданған шешімдер өмір бойы бізбен бірге болады. Жастар-адам өміріндегі өте маңызды кезең. Оның негізгі құндылықтары, өмірге, қоғамға қатынасы қалыптасады. Ол өзінің даму траекториясын жасайды.

Мемлекет басшысының Үкімет пен азаматтық сектор алдына қойған міндеттері жастардың өзекті мәселелерін: әлеуметтік, тұрғын үй, білім беру, жұмысқа орналасу мәселелерін шешуге бағытталғандығы өте құнды болып табылады. Сонымен қатар, бұл жас ұрпақтың өмірінің бір бөлігі ғана екенін түсіну керек. Көп нәрсе жасөспірімдер мен жастардың өздері үшін қандай құндылықтарды таңдайтынына байланысты. Қазіргі әлемде қауіптер мен азғырулар көбейіп келеді. Бірқатар сарапшылардың пікірінше, себептердің бірі-ашық ақпараттық кеңістік. Біз балаларға әртүрлі ақпаратты, көбінесе теріс ақпаратты тұтынуға мүмкіндік береміз. Бүгінгі таңда біз назар аудару үшін, белгілі бір таңдаудың пайдасына шешуші болатын секундтың үлесі үшін күрес жүріп жатқандығымен айналысамыз. Бұл гаджетті сатып алудан бастап діни бағытты, өмірлік бағдарларды, жалпы өмір жолын таңдауға дейінгі барлық нәрсеге қатысты. Құндылықтар туралы айтқанда, олардың негізгі қалауы болып табылатындарын атап өту қажет – бұл экономиканы, саясатты дамыту, елдегі тұрақтылықты қолдау үшін базалық жағдай ретінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік.[1] Бұл құндылықтарды жас ұрпақ қабылдауы, оларды одан әрі қалыптастыру мен таратудың жалпы тәсілдері болуы маңызды. Астанада өтіп жатқан ҚХА қызметі мен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшы-